

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

### 15- 20 қараша аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ

20 қараша

Апталық жоспарға сәйкес 15-20 қараша аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас педагогтер М.Муратов, Б.Аманболдин, Н.Сабиеваға қысқа мерзімді жоспар құруд бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді. Оқу бағдарламасының орындалуы және күнтізбелік тақырыптық жоспарларды электронды журналда рәсімдеуде мұқият болу ескертілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.
4. Күнделікті жас мамандардың сабақтары әкімшілік тарапынан бақыланып, әдістемелік ұсынымдар айтылып, кері байланыс берілді. ҚР БҒМ №130 бұйрығы негізінде Тәлімгерлікті ұйымдастыру және жүзеге асыру жоспары аясында жоспарланған жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.
5. МЖМБС орындалуын бақылау мақсатында қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Абайтану пәндері бойынша әкімшілік күнделікті сабақтарға қатысты. Сабақ барысында оқушылардың пәнге қызығушылықтары, белсенділіктері, пән мұғалімдерінің инновациялық оқыту технологияларын қолдануы назарға алынды.
6. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқу техникасының деңгейін бақылауда 7-11 сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті сабақтары бақыланды. Оқушылардың жалпы оқу деңгейлері жақсы көрсеткіш көрсеткенімен, 7 сынып оқушылары арасында жылдамдыққа оқу бойынша қажетті деңгейден төмен оқыған оқушылар анықталып, пән мұғалімдеріне жеке жұмыс жүргізу ұсынылды.
7. Ағылшын тілі пәні бойынша оқу техникасының деңгейі бақыланды, оқушылардың оқу жылдамдықтары жақсы көрсеткіш көрсеткенімен, дыбысталу мен мәтінді толық түсінуде қиындықтар кездесті. Пән мұғалімдеріне оқушылардың сөздік қорларын байытуға сөздікпен қосымша жұмыс жасау ұсынылды.
- 8.11-сынып оқушысы Жұматай Саяна 15-18 қараша аралығында Қарағанды қаласында өткен республикалық Президенттік олимпиадаға қатысты. Республикалық, Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми конкурстарындағы жоғары жетістіктері үшін «2022-2023 оқу жылында білім беру грантының иегері болып табылады» деген Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Университетінің Сертификатымен марапатталды.
9. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері Кожахметова Р.З., Оспанова Ш.С., орыс тілі пәні мұғалімі Жетписбаева К.Б. Республикалық «Лингвистика» олимпиадасына қатысатын 10-сынып Балсент Елданамен дайындық жұмыстарын жүргізді.
10. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың оқытылуы қадағаланды.
11. «Проблемалық оқыту технологиясы- оқушының әрекетін белсендіру құралы ретінде» республикалық семинар келесі аптаға шегірілді.

12. 18-19 қараша күндері 8-11-сынып оқушылары арасында Мектепшілік пәндер олимпиадасы өтті. Олимпиадаға 12 пәндер бойынша 134 оқушы қатысты. Олимпиадаға оқушылар белсенді қатысты, 1-2-кезеңдерде теориялық және практикалық жұмыстарды орындады.

13. Қ.Сәтпаев атындағы химия пәні бойынша Республикалық олимпиадаға қатысатын 9 В сыныбының оқушысы Беспай Асланмен химия пәні мұғалімі Исакова Д.М. дайындық жұмыстарын жүргізді. Дайындық барысында оқушы өткен жылдардың республикалық, халықаралық әр түрлі деңгейдегі химиядан сандық және сапалық есептердің шығару жолдарын қарастырды.

14. «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы жалғастырылды.

15. Жас мамандар Аманболдин Б.Ж., физика пәні мұғалімі және Шарипов А.Б., информатика пәні мұғалімі «Жалын» шығармашылық тобы жұмысының жоспары бойынша 7-сынып оқушылары арасында «XXI ғасыр қолбасшысы» атты зияткерлік сайыс өткізді. Оқушылар сайыс кезеңдері бойынша әр түрлі тапсырмаларын орындап, өз қабілеттерін аша білді.